

2026-2028 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Салқынкөл ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 36-12 шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 7-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 91-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2026-2028 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Салқынкөл ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2026 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 40 895 мың теңге:

салықтық түсімдер – 6 058 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 4 538 мың теңге;

трансферттер түсімі – 30 299 мың теңге;

2) шығындар – 40 895 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0:

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржылық активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0:

қаржылық активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0:

қарыздар түсімі – 0;

қарыздарды өтеу – 0;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0;

2. 2026 жылға арналған Салқынкөл ауылдық округінің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 27-бабына сәйкес, мынадай салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатындығы белгіленсін:

1) мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген, ауыл аумағында орналасқан жеке тұлғалардың өз бетінше салық салуға жататын кірістері бойынша жеке табыс салығынан;

дара кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жерінен;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері ауылдың аумағында орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығынан;

2) ауылдық округ аумағындағы осы салық салу объектілері бойынша жеке тұлғаларға салынатын мүлік салығынан;

3) ауыл аумағындағы жер учаскелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендердің жерлеріне салынатын жер салығынан;

4) көлік құралдары салығынан;

тұрғылықты жері ауыл аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілген тұрған жері ауылдың аумағында орналасқан заңды тұлғалардан;

5) бірыңғай жер салығынан;

6) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыдан;

7) сыртқы (көрнекі) жарнаманы:

ауылдағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте;

ауылдық округтің аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде;

елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастырғаны үшін төлемақыдан.

3. Ауылдық округ бюджетіне түсетін салықтық емес түсімдер болып:

1) ауылдық округ әкімі әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салатын айыппұлдар;

2) жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

3) ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін кірістер:

ауылдық округ әкімі аппаратының шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістер;

ауылдық округтің коммуналдық меншігінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінің) мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін өзге де кірістер;

4) ауылдық округ бюджетіне түсетін өзге де салықтық емес түсімдер табылады.

4. Ауылдық округ бюджеттеріне негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып:

1) ауылдық округ бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

3) жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемақылар табылады.

5. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілетін трансферттер ауылдық округ бюджеттеріне түсетін трансферттердің түсімдері болып табылады.

6. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов
атындағы ауданы мәслихатының төрағасы

С. Баумағанбетов

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
2025 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 36-12 шешіміне 1-қосымша

2026 жылға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Салқынкөл ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сума (мың теңге)
			1. Кірістер	40 895
1			Салықтық түсімдер	6 058
	01		Табыс салығы	5 335
		2	Жеке табыс салығы	5 335
	04		Меншікке салынатын салықтар	723
		1	Мүлікке салынатын салықтар	93
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	630
2			Салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	4 538
	03		Жерді сату	4 538
		1	Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	4 538
5			Трансферттердің түсімдері	30 299
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан	30 299

			түсетін трансферттер	
		3	Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен түсетін трансферттер	30 299
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сума (мың тенге)
			2. Шығындар	40 895
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	37 945
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	37 945
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	37 945
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	950
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	950
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	950
12			Көлік және коммуникация	2 000
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 000
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2 000

			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(0
			6. Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(0
			Қарыздар түсімдері	0
			Қарыздарды өтеу	0
			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0

Солтүстік Қазақстан облысы
 Ғабит Мүсірепов атындағы
 ауданы мәслихатының
 2025 жылғы 24 желтоқсандағы
 № 36-12 шешіміне 2-қосымша

2027 жылға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Салқынкөл ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сума (мың теңге)
			1. Кірістер	42 530
1			Салықтық түсімдер	6 300
	01		Табыс салығы	5 548
		2	Жеке табыс салығы	5 548
	04		Меншікке салынатын салықтар	752
		1	Мүлікке салынатын салықтар	97

		4	Көлік құралдарына салынатын салық	655
2			Салықтық емес түсімдер	31 510
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	31 510
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	31 510
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	4 720
	03		Жерді сату	4 720
		1	Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	4 720
5			Трансферттердің түсімдері	0
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сума (мың теңге)
			2. Шығындар	42 530
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	41 540
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	41 540
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	41 540
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	90
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	990
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	990

			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(0
			6. Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(0
			Қарыздар түсімдері	0
			Қарыздарды өтеу	0
			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0

Солтүстік Қазақстан облысы
 Ғабит Мүсірепов атындағы
 ауданы мәслихатының
 2025 жылғы 24 желтоқсандағы
 № 36-12 шешіміне 3-қосымша

2028 жылға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Салқынкөл ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сума (мың теңге)
			1. Кірістер	44 220
1			Салықтық түсімдер	6 550
	01		Табыс салығы	5 770
		2	Жеке табыс салығы	5 770
	04		Меншікке салынатын салықтар	780
		1	Мүлікке салынатын салықтар	100

		4	Көлік құралдарына салынатын салық	680
2			Салықтық емес түсімдер	32 770
	01		Салықтық емес түсімдер	32 770
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	32 770
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	4 900
	03		Жерді сату	4 900
		1	Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	4 900
5			Трансферттердің түсімдері	0
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сума (мың теңге)
			2. Шығындар	44 220
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	43 190
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	43 190
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	43 190
07			Т ұ р ғ ы н үй-коммуналдық шаруашылық	1 030
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	1 030
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 030

		3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(0
		6. Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(0
		Қарыздар түсімдері	0
		Қарыздарды өтеу	0
		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0